

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЮРОКРАТИЯДАН АЗАТ
«БОЛАШАҚ СОТЫНЫҢ»
НЕГІЗІ ҚАЛАНУДА



Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) баяндамашысы, Венгрия Парламентінің депутаты Жолт Неметпен кездесті. Кездесуге сонымен қатар Жоғарғы Соттың азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқаларының төрағалары – Нұрсерік Шәріпов пен Аслан Түкиев, Жоғарғы Сот судьясы Роза Жакудина және Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)



«Қазақтың азаматы қандай?» дегенде зор мақтанышпен көрсететін бірегей тұлғалардың бірі Біржан Отантайұлы Кәрібжанов еді. Оның заңғар бейнесі, кесек болмысы, биік парасаты мен көркем мінезі кімді де болса тәнті етпей қоймайтын. Сот процесіндегі сұңғыла образына қарап қазылардың Әдеп кодексіндегі барлық талаптар Кәрібжановқа қарап жазылғандай көрінетін. Судьяның жұмысына жауаптылығы, кәсібіне адалдығы, үнемі ізденіп, тынбай еңбектенетіні әріптестеріне таптырмас үлгідей сезілетін. Ұлтың ұпайын түгендейтін істерде де буырқанып жұрттың алдында жүретін Біржан Отантайұлының тіл, өнер, туған жер, Отан дегенде шығарда жаны бөлек болатын. Абай өлеңдерінен челлендж бастап, әріптестеріне ақынды дәріптеп, өнерді сүюдің дара үлгісін көрсеткен Біржан қазақтың қара домбырасында шебер ойнап, тағылымды шығармаларды жатқа оқығанда да алдына жан салмайтын.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАҒЫМ

ҮШ БИГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

НЕМЕСЕ БИЛЕР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН

Қазақтың билері туралы сөз болғанда, біздің есімізге ең алдымен Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би түседі. Себебі, бұл даңқты үш биді бүкіл Орта Азия халқы біледі және құрметтейді. Өйткені олар өз заманында Алты Алаштың бірлігі мен ынтымағын ойлап, ел мен жердің тұтастығына қызмет еткен. Ол жөнінде айтылған әңгімелер, жазылған әдеби-тарихи кітаптар мен шығармалар және қойылған қойылымдар да жетерлік.

Олар өткен ғасырларда Билер сотының беделін биікке көтеріп, бүкіл әлемге танытып, абыройын асқақтатқаны тарихтан белгілі. Қазақтың осындай дана билерінің арасында шоқтығы биік Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің жөні бөлек, жосығы ерек болып, дау шешкенде шешендігімен, көпті көрген көсемдігімен және дауласқандарды екі ауыз сөзбен бітімге шақырып, оларды татуластыру жолымен әділ шешім шығарып, мәмілегер атанып, елдің алғысы мен құрметіне бөленгені баршамызға мәлім.

Билер сотының тарихи мәні оның сот төрелігінің әділ тұтқасы болып, көшпелі әрі жариялы түрде халыққа қызмет етуінде екендігін барша жұрт жақсы біледі. Осыны терең түсінген халық Ұлы билеріміздің жатқан жерлерін өздері анықтап және оны жөндеп, көркейтіп, ол аумақты киелі орындарға айналдырғаны белгілі. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би Түркістанда, Төле би Ташкентте, Әйтеке би Науаи облысындағы Нұратада мәңгілікке тыныстап жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)



5-бет

Халықаралық құқықтық көмек көрсету тәртібі

6-бет

Мемлекеттік рәміздерге қатысты жауапкершілік күшейеді

8-бет

Соңғы айғақ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен» деген екен қазақтың маңдайалды ақындарының бірі Мұзафар Әлімбаев. Дәл осы теңеу Біржан Кәрібжановқа қарап айтылғандай. Білім-білігімен сот саласының саңлағына айналған Біржанның суретке де, өнерге де, спортқа да икемі жоғары болатын. Оны өзгелерден ерекшелейтін де осы әмбебаптығы еді. Жақсы адамға көпшіліктің үйір келетіні сондықтан шығар. Біржан Кәрібжановты «Көзден кетсе де, көңілден кетпей» жүрген де осы даралығы болса керек.

Міне, бекзат болмысымен көпшіліктің құрметіне бөленген Біржан Отантайұлының арамыздан кеткеніне үш жылдың жүзі болған екен. «Тау алыстаған сайын биіктейді» демекші, Біржан да алыстаған сайын халыққа жақындай түскендей. Оны халықтың санасынан өшірмей, ұмыттырмай жүрген, ұлықтап келе жатқан – ұл-қызы, әріптестестері мен достары.

Біржан Кәрібжановтың бейнесін мәңгі есте қалдыруға бағытталған

ген ізгі тілектерін бүкпесіз ортаға салды.

Шахматта да шашасына шаң жұқтырмайтын, футболда да қарсыластың добын қақпаға дарытпайтын Біржанды еске алуға неге миллиард таңдалды екен? Осы бір сұрақ турнир басталғаннан көкейімізде тұрды.

Отантай Кәрібжановтың айтуынша, тастаяқ – ұлының ең сүйікті ойыны. «Бильярд – қозғалыстағы шахмат. Қисын мен қозғалысқа құрылған ойын адамның интеллектуалдық өрісін кеңейтіп қоймай, физикалық қабілеттілігін арттырады. Біржаным – тастаяқтың шебері еді. Ойлана жүріп ойнайтын бильярдқа деген қызығушылық немерелерім Нұржан мен Мағжанға да берілген. Екеуі де студенттер арасында ұйымдастырылған сан жарыстың жеңімпазы болды. Біржаным серік еткен спорт түрінен сайыс ұйымдастырып, әріптестерін ұмытпай жүрген судьялар қа-



көрсетсе, бала соны сөзсіз қайталайды. Ендеше, ата-анасын аялап, ардақтауды әкесінен көріп өскен ұлдардың жақсы әдетті жадында сақтауы заңдылық қой.

Турнир өткен күні бильярдтың шеберлері ғана айқындалып қойған жоқ, сонымен бірге, тастаяқтың талай мәрте чемпионы болған Біржан Кәрібжанов жайлы да тамаша естеліктер айтылды.

Әсіресе, Біржанның еңбек жолындағы ұстазы әрі қамқор ағасындай болған Асқар Секишевтің естелігі керемет. Жоғарғы Соттың экс-судьясы, Қазақстанның құрметті заңгері Асқар Асанханұлы Біржанға алғаш жол көрсеткен, бағыт-бағдар берген білікті заңгер.

– Алғаш әділет саласында жолымыз түйісіп, кейіннен Шығыс Қазақстан облыстық сотында мен төраға, Біржан – Бородулиха аудандық сотында судья болып қатар қы-

көкке қарау керек. Қалған бақытын балаларына берсін. Жақсы күндеріміз көп болсын! – деп Есмұқан Обаев жүрекжарды лебізін ортаға салды.

Біржан Кәрібжановтың рухына арналған жарыс өте жылы, достық рәуіште өтті. Ұйымдастырушылардың бірі, «Baytaq» партиясының Алматы қаласы бойынша төрағасы Жұмабек Бастаубаев: «Досымыз Біржан мықты спортшы еді. Ол бокспен де айналысты, бильярдты да шебер меңгерді, талай мәрте бірге ойнадық. Бильярд ойнайтындар Біржанды өте жақсы таниды, қатты сыйлайды. Өкінішке қарай, арамыздан ерте кетіп қалды. Біздің партия турнирге демеушілік жасап отыр. Жатқан жері жайлы болсын. Артында қалған ұрпағы аман жүрсін!» деген пікірін ортаға салды.

Сондай-ақ Алматы облыстық сотының судьясы Бахытжан Ниязов: «Турнир өте жақсы ұйымдастырылды. Осындай шараның тұрақты өтуі Біржанның бейнесін мәңгі жадымызда қалдырады. Оның ісін жалғайтын ұлдары бар. Демек, Біржан өлген жоқ», – десе, Түркістан облысынан келген отставкадағы судья Маратәлі Бекназаров: «Біржан – сондай көпшіл азамат еді. Қандай ортаға түссе де, шараның бастамашылығын өз қолына алып халықты үйіріп әкететін. Кісі жатырқамайтын. «Сегіз қырлы, бір сырлы» әріптесіміздің бағындырар биігі алда еді», – деген өкінішін білдірді.

АСЫЛ ТУҒАН АДАМНЫҢ АЛТЫН ЖЕТПЕС НАРҚЫ БАР

шаралар бір сәт те тоқтаған емес. Ғаламтор пернесінен <https://karibjanov.kz/> қаріптерін тере қалсаңыз, сарабдал судьяның бүкіл өмір жолын көз алдыңызға әкелетін толымды мағлұматтарға қанық боласыз. Ол туралы түсірілген фильм, ол жайында жазылған «Ғазиз ғұмыр» кітабын тебіреніссіз оқу мүмкін емес. Біржанның әкесі Отантай Кәрібжанұлы мен анасы Аманғай-

ЖҮБАТУ

ІНІ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

*Тастаяқты тастай атып жүруші ең,
Тағы, міне, сапта тұрсың бүгін сен.
Саған қарап саңлақты танушы ем,
Саған қарап сүйінуші ем, сүйінсем!*

*Ізің сенің жатыр, міне, аңдыздап,
Білген жанға сом алтындай сол қымбат.
Қане, інім, тігіп жібер тасыңды,
Қарауылда қалып еді қол мұздап.*

*Ағалы-іні көрейік бір тіресіп,
Кел, түрегел, білегіңді түре шық,*

*Екеуімізден бақытты жан жоқ шығар,
Артымыздан келе жатқан ұл өсіп.*

*Кел, түрегел, Отан ағам «дүр» етсін,
Асыл жеңгем қуанғаннан «шыр» етсін.
Екеуінің жүрегінің ішінде,
Тоқтап қалмай соғып тұрған жүрексің.*

*Бізді осылай бір қуантшы, Біржаным,
Бітсін солай бітеу жара мұң-зарым.
«Өлген адам тірілмейді» десек те,
Қандай жақсы ойда мәңгі тұрғаның.*

Төлеген ЖАНҒАЛИЕВ,
абайлық ақын,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты



ша Кәрібжанованың балаға деген көлкөсір сағынышы, көкіректе шемен болып қатқан шері жаныңды жабырқатады. Достары мен әріптестерінің, ағалары мен інілерінің естеліктері Біржанның судьялық қырын ғана емес, адами бет-бейнесін жақыннан таныта түседі. Ал өзінің ұл-қызының жазбаларын былай қойғанда, «Ата» дегенді елжіреп айтып, егіле жазған келіндердің лебізі Біржанның кеңдігін, кемелдігін теңеңірек ұқтыратындай.

Ең кереметі, осындай жақсы адамды жақындары ғана ұлықтап жүрген жоқ. Біржан Кәрібжановтың жарқын бейнесін мәңгі есте қалдыруды әріптестері де мақсат еткені қуантады. Мәселен былтыр Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чақпантаевтың қолдауымен Семей қаласында бильярдтан турнир өтіп, Біржан Кәрібжановты еске алу шарасы биік деңгейде ұйымдастырылған болатын. Осы алғашқы турнирдің өзіне Біржанды сағынған, Біржанды сыйлайтын, жақын тартатын әріптестері еліміздің әр түкпірінен Абай еліне келіп, сайыстың көрігін қыздырған еді.

Алғашқы турнирдің өзі Біржан Кәрібжановты еске алуға арналған шараның маңызды, орынды екенін аңғартты. Осыдан болар, игілікті істі дәстүрге айналдыруды мақсат еткен алматылық судьялар келесі турнирді Алатаудың төрінде ұйымдастыруға бекінген еді. «Байтақ» жасылдар партиясы қолдау көрсеткен биылғы турнир де алдыңғы жарыстан кем түскен жоқ. Өте ұқыпты, жауапты ұйымдастырылған шараға еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы келген судьялар аз болмады. Олардың бәрі ең алдымен бильярдтағы шеберлігімен дараланған әріптестеріне де-

уымына алғысым шексіз. Олардың Біржан жайлы айтқан естелігі мен жылы лебіздері балама деген сағынышымды басып, мақтанышымды арттырды», – дейді көргені көп ақсақал.

«Тамыры таза ағаш биік өседі» демей ме қазақ. Сол айтпақшы, Біржандай бірегей ұлға тектіліктің дәнін сепкен Отантай атамыз бен Аманғайша апамыз да осал адамдар емес. Әкесі Отантай Кәрібжанұлы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, республикалық «Абай» қоғамдық қорының президенті болса, анасы Аманғайша Дүйсенбекқызы – ҚР Ішкі істер органдарының озаты, отставкадағы полиция подполковнигі. Бүгінде бүкіл әулеттің шамшырағы болып отырған ата мен апа турнирдің сәтті өтуіне тілектестігін білдіріп, шараның басы-қасында жүрді.

Бильярд турнирінде сөз алған отставкадағы судья, Ауған соғысының ардагері Болатбек Қатықбаевтың сөзі ерекше есте қалды.

– Отандық сотта қаншама судьялар қызмет етті. Осы уақытқа дейін қаншама буын алмасты, қаншама әріптесіміз мезгілсіз арамыздан кетіп жатты. Себебі, судья болу оңай емес. Әрбір істі терең зерделеп, жан-жақты таразылап барып, төрелік ететін қазылардың жүрегі мен жүйкесіне аз салмақ түспейді. Соның салдарынан талай қимас інілеріміз арамыздан мезгілсіз кетіп жатыр. Біржан Кәрібжанов та сондай жасындай жарқыраған білімді судьяның бірі еді. Оның екі тілді еркін меңгерген шеберлігіне тәнті болатынбыз. Біржанның ағаға көрсеткен ізеті, ініге деген қамқорлығы қандай ғажап десеңізші. Жолдасына астындағы жалғыз атын түсіп бе-



ретін жаны да, қолы да жомарт жан еді ғой Біржан. Осындай қоғамға да, өзі қызмет еткен сот саласына да қомақты үлес қосар шағында ініміздің арамыздан ерте кетіп қалғаны өкінішті. Бірақ, көңілге дем беретіні – Біржанның іздеушісі бар. Біздің арамыздан ерте кеткен әріптестеріміздің көпшілігі елеусіз қалды. Ал Біржан жайлы естелік, жыр, дастан ол өмірден өткен үш жыл ішінде үзілген емес. Республикалық «Заң газетінде», «Юридическая газета» басылымы мен «Заң» журналында қаншама мақалалар жарық көрді. Солардың бәрі Біржанның артында қалған жақындарының, ұлдарының арқасы. «Орында бар оңалар» деген сөз дәл осы Біржан сияқты іздеушісі бар жандарға қарап айтылса керек, – деген жүрекжарды сөзінде шындық жатыр.

«Заң газеті» – соттың жаршысы, судьялар жұмысының тынысы. Осы басылымдағы тәжірибемнен білетінім, біздерде жақының көзі тірісінде құрметтеу басым да, көзі кеткен соң еске алатындар сирек. Ал Біржан Отантайұлының мұрасын түгендеп, еңбектерін жинап, есімін ел есінде жаңғыртуға тырысып жатқан ұлдары Нұржан мен Мағжанның жанкешті тірлігіне сүйсінесің. «Болсашы балалардың бәрі осындай» деп іштей тілеу тілейсің.

Бірақ, оған таңданудың қажеті жоқ. Себебі ата-ана – бала тәрбиесінің айнасы. Ата-ана қандай үлгі

змет еттік. Білімі мен кәсіби шеберлігін мойындатқан Біржан бильярд дегенде жасындай жарқырайтын. Соның арқасында республикалық судьялар спартакиадасында аймақтың намысын қорғады. Бір жылы біздің соттан екеуіміз ғана спартакиадаға барып, облыстық соттың жалауын көтеріп шықтық. Бильярд додасында Біржанға тең келер қарсылас болмады. Біздің жеңіс тұғырынан көрінгенімізге қарап Жоғарғы Соттың сол кездегі төрағасы Қайрат Мәми: «Санға емес, сапаға көңіл бөлу деген осы болады» деп ризашылығын білдіріп еді. Судьялар бас қосқан сол жиында Біржанның бүкіл әріптестеріміздің алдында мені көкке көтеріп, шыр айналып шыққаны әлі есімде. Жаны жомарт, пейілі кең жан еді ғой Біржан, – деді Асқар Асанханұлы ағынан жарылып.

Отантай ағамыздың досы, ҚР Халық әртісі, режиссер Есмұқан Обаевтың да Біржан дегенде көңілі бөлек.

– Біржанның халықтың ұлы болғанына күн өткен сайын куә болып келеміз. Осының бәрі отбасында берілген тәрбиенің арқасы. Шәкәрімнің жерінде, Мұханның елінде өскен баланың елді тәнті етпеуі мүмкін емес. Ата-анасы Біржанды тазалыққа, адамшылыққа, жомарттыққа тәрбиеледі, ағайын-елді, қазақты сүюді үйретті. Сол тәрбиенің нәтижесі жаман болған жоқ. Біржанды ұмытпайтын, ұлықтайтын халқы барда енді түндікті көтеріп,

Алматыдағы тартысты өткен бильярд турнирінде бас жүлдені отставкадағы судья Болатбек Қатықбаев иеленді. Семей қаласында өткен былтырғы турнирде де Болатбек ағамыз топ жарған болатын. II орынды «Baytaq» жасылдар партиясының Алматы қаласы бойынша филиалының төрағасы Жұмабек Бастаубаев алды. Ал III орынды отставкадағы судья Ержан Даулиев пен Семей қалалық сотының судьясы Азамат Аналбай теңдей бөлісті. Тастаяқтан шеберлігін сынаған судьялар алдағы уақытта да турнирдің тоқтап қалмай дәстүрге айналатынын, оған өздерінің атсалысатындырын жеткізді.

Иә, турнир өтті, тұңғыық ойлар қалды. Бұл шара – сот қауымдастығының Біржандай бірегей әріптеске деген қайталанбас құрметін көрсетті. Сондай-ақ бұл турнир – ата-ана мен балалардың Біржанға деген шексіз махаббатының белгісіндей әсер қалдырды. Осы сәтте Аманғайша Кәрібжанованың «Біржаным бір күні келіп қалатын сияқты... Балам әлі күнге дейін Алматыда қызметінде жүргендей көрінеді» деген сөзі жадымызда жаңғыра берді. Расында бұл турнир Біржанның рухын тірілткені, Біржанды ортасына оралтқаны шындық.

**Дайындаған
Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЮРОКРАТИЯДАН АЗАТ «БОЛАШАҚ СОТЫНЫҢ» НЕГІЗІ ҚАЛАНУДА



(Соңы. Басы 1-бетте)

А.Мерғалиев өз сөзінде Еуропа Кеңесімен өзара іс-қимыл векторын атап өтіп, сот жүйесінің тәуелсіздігі мен тиімділігін нығайту басымдығын атап өтті. Оның ішінде, адам құқықтарын қорғау, халықаралық стандарттар бойынша заңгерлердің біліктілігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа, адам саудасына және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бар.

Ашық және әділ сот жүйесін құруға бағытталған негізгі қайта құрулардың ішінде мыналар атап

өтілді: сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейту, бұзылған құқықтарды тиімді қорғау, соттар мен судьялардың тәуелсіздігін нығайту, сот жүйесін цифрландыру және роботтандыру.

А.Мерғалиев атап өткендей, IT технологияларды енгізу сот жүйесінде жасанды интеллект қолдану жөніндегі Еуропалық этикалық хартия талаптарын ескере отырып жүзеге асырылуда. Оның қағидаттары бойынша технологиялар судьяның көмекшісі қызметін атқарады, бірақ оны алмастырмайды, ал процеске қатысушылар әрқашан сотқа тікелей жүгіну мүмкіндігін сақтайды.

Жоғарғы Сот төрағасының айтуынша, цифрландыру, роботтандыру және аумақтан тыс соттылық географиялық және бюрократиялық

шектеулерден азат, ашық, қолжетімді және әділ «Болашақ сотының» негізін құрайды.

Немет мырза Қазақстанның сот жүйесінде жүргізіліп жатқан қайта құруларға оң баға беріп, ҚР Жоғарғы Сотымен анағұрлым тығыз өзара іс-қимыл орнатуға мүдделілігін білдірді.

ЕКПА-мен ынтымақтастық Қазақстанның халықаралық өзара іс-қимылды дамытуға және сот төрелігінің озық стандарттарын енгізуге деген ұмтылысын атап көрсетеді. Жоғарғы Сот құқық үстемдігін одан әрі нығайтуға және азаматтардың сот жүйесіне сенімін арттыруға бағытталған әріптестікке ашық болып қала береді.

**ҚР Жоғарғы Сотының
баспасөз қызметі**

ТАҒЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұрын да, қазір де осы киелі орындарға Қазақстанның, Өзбекстанның тағы басқа да мемлекеттердің әр түкпірінен Түркістанға, Ташкентке, Нұратаға арнайы барып, Қазыбек, Төле, Әйтеке билерге тағзым етіп, Құран бағыштайтын халықтың қарасы қалың. Оның басты себебі, қазақтың дана, дара билері бүкіл саналы ғұмырын халықтың бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтау жолына арнап, аянбай еңбек еткендерінде болса керек. Шындығында да, Қазақ хандығының тұсындағы қиын-қыстау замандарда Билер соты мен Билер кеңесінің ел бірлігі мен ынтымағын сақтауда атқарған еңбектері ерен екендігі ақиқат.

Қазақтың даңқты үш биі жатқан киелі орындарға ағылып жатқан қарапайым халық сияқты, ардагер судьялардың да бірігіп Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің кесенелеріне арнайы барып, тағзым етуі билерге деген нағыз құрмет. Сонымен қатар, бүгінгі судьялар өздерін бұрынғы билердің заңды ізбасары екендіктерін нақты білдіріп, өз аттарынан үш биге арнайы панно (жәдігер) жасатып және оны әр бидің жатқан кесенесіне алып барып, өшпестей естелік қалдырғаны, шын мәнінде «Бәрекелді!» дейтіндей, тәлім-тәрбиесі мол, өнегелі әрі игілікті іс болғаны анық!

«ҰЛЫ БИЛЕРГЕ ТАҒЫМ» атты шараның жоғары деңгейде өтуі Қазақстан Судьялар одағының төрағасы Д.Әмірдің мұрындық болып, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы А.Мерғалиевтің қолдау көрсетуінен деп білемін.

Осы игі іс-шараның аясында Досжан Сарманқұлұлы бастаған делегация Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» кесенесінде жатқан Қазыбек биге, Өзбекстанда жатқан Төле би мен Әйтеке бидің кесенелеріне арнайы барып, тағзым етті.

Делегацияның құрамында Қазақстан Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі Ә.Құрықбаев, Жоғарғы Соттың ардагер судьялары Р.Мамырбаев, Б.Мақұлбеков, Қазақстан Судьялар одағының экс-төрағасы, қоғам қайраткері, заң ғылымдарының докторы, меценат Б.Тұрғараев және Абай облыстық сотының жанындағы өзара іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы К.Мұқашов, Түркістан облыстық соты Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ө.Темір мен Түркістан облысының ардагер судьялары О.Бижанов, Б.Тәңірбердиев болды.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – біреуі оңтүстікте, екіншісі орталық Қазақстанда, үшіншісі батыс жақта жастайынан туа біткен қабілетінің арқасында ауыл-аймақтағы даудамайға алғашында «бала би» деген атпен төрелік етіп, сөйтіп әділ билік етулерінің нәтижесінде, «дана би» деген атаққа дейін көтеріліп, бүкіл елге танылған. Сонымен қатар, бұлар Тәуке хан тұсында Ташкент пен Түркістан төңірегіндегі Күлтөбеде және Шымкент маңындағы Мәртөбеде бас қосып, қарақалпақ, қырғыз тағы басқа билермен бірлесе отырып, «Жеті жарғыны» жазып, дайындаған. Үш бидің бір-біріне деген құрметі мен өзара сыйластығы өте күшті болған. Мысалы, Төле би өмірден озғанда, Қазыбек би қатты қайғырып: «Төле би өлді дегенше, әділет өлді десейші» дегені көп нәрсені аңғартса керек.

«ҰЛЫ БИЛЕРГЕ ТАҒЫМ» атты шараның алғашқы күні Досжан Сарманқұлұлы бастаған делегация Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» кесенесінде жатқан Қазыбек би бастаған 21 биге тағзым етті. Одан кейін ардагер судьялар, үш биге арнап жасатып әкелген панноны (жәдігерді) «Ұлы дала елі» ғимаратының төріне орнатып, Ұлы билерге Қазақстан судьяларының атынан өшпестей із қалдырды.

Делегация мүшелері қаз дауысты Қазыбек биге зиярат етіп болған соң, Түркістан облыстық сотының төрағасы Айдос Сұлтанов, оларға былтыр ашылған облыстық соттың жаңа ғимаратын таныстырды.

ҮШ БИГЕ ҚҰРМЕТ — ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

НЕМЕСЕ БИЛЕР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН



Ғимаратпен танысу барысында қонақтар құту залын, сот мәжіліс залдарын, коммуникация орталығын, үлкен мәжіліс залын, азаматтарды қабылдау бөлмесін, фронт-кеңсені және спорт залы мен футбол алаңын аралап көрді. Ардагер судьялар жаңа ғимараттың әсемдігі мен заманауи құралдармен жабдықталғанын және сотқа келушілерге барлық жағдайлардың жасалғанын көздерімен көріп, оған деген ризашылығын айтты. Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі Әділ Жамбасбайұлы, алқабилер отыратын сот мәжіліс залымен танысу барысында өзінің ойында жүрген ұтымды ұсынысын айтып, нақты пікірін білдірді.

«ҰЛЫ БИЛЕРГЕ ТАҒЫМ» атты шараның екінші күні Д.Әмір бастаған делегацияны өзбек елінің шекарасында Өзбекстан Судьялар қауымдастығы төрағасының орынбасары Файзулла Абдуазимов, Өзбекстан Жоғарғы Сотының судьясы Камолиддин Толлибев қарсы алып, Ташкенттегі Төле би жатқан



Қазақтың даңқты үш биі жатқан киелі орындарға ағылып жатқан қарапайым халық сияқты, ардагер судьялардың да бірігіп Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің кесенелеріне арнайы барып, тағзым етуі билерге деген нағыз құрмет. Сонымен қатар, бүгінгі судьялар өздерін бұрынғы билердің заңды ізбасары екендіктерін нақты білдіріп, өз аттарынан үш биге арнайы панно (жәдігер) жасатып және оны әр бидің жатқан кесенесіне алып барып, өшпестей естелік қалдырғаны, шын мәнінде «Бәрекелді!» дейтіндей, тәлім-тәрбиесі мол, өнегелі әрі игілікті іс болғаны анық!

кесенеге ертіп апарды. Қазақстаннан келген қонақтардың алдынан кесененің шырақшысы шығып, Қазақтың төбе биі Төле би Әлібекұлы туралы қысқаша әңгімелеп, бабаға арнап Құран оқыды. Содан кейін Төле бидің тікелей жетінші ұрпағы, 85 жастағы ақсақал Өмірбек Темірұлы бата берді.

Судьялар одағының төрағасы Д.Әмір үш биге құрмет ретінде, Астанада әкелген естелік панноны Файзулла Абдуллаұлына табыстады.

Сол күні түстен кейін делегация мүшелері Науаи облысындағы Нұратадағы Әйтеке би жатқан кесенеге қарай жолға шықты. Бізбен бірге Ф.Абдуазимов, К.Толлибев және Өзбекстан Судьялар қауымдастығының баспасөз хатшысы Шерзод Даминов жол бастап жүрді. Күні бойы 460 шақырымнан астам жол жүріп, кешке Науаи облысына кіреберісте, бізді Науаи облыстық сотының төрағасы Абдулла мырза қарсы алды.

Әріптестер екі мемлекеттің сот жүйесінің

соңғы жаңалықтарға тоқталып өтті. Сонымен қатар, Ташкентте жатқан Төле би мен Нұратадағы Әйтеке бидің сонау бір қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты билер, яғни мемлекет қайраткерлері екендігін де қадап айтты. Төраға сөзінің соңында Өзбекстан Судьялар қауымдастығының басшылығы мен Жизак, Науаи, Самарқан облыстық соттарының төрағалары мен судьяларына, қазақстандық әріптестерін жылы жүзбен қарсы алып, Төле би мен Әйтеке бидің кесенелеріне жол бастап апарғаны және делегация мүшелеріне құрмет көрсеткендері үшін шынайы алғысын білдірді.

Кездесу соңында Қазақстанның Судьялар одағы мен Өзбекстан Судьялар қауымдастығының байланысын нығайту мақсатында, екі ел соттарының арасындағы алтын көпір жалғасатыны атап өтілді.

**Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
«Тіл жанашыры» құрмет белгісінің
иегері, жазушы-журналист**

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

ЖҮЙЕЛІ КҮРЕС НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ

Жемқорлық – мемлекеттік басқа-ру құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің асқинуына ұрындырады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлық түсінігі – өзінің пайдасы үшін пайдалануды білдіретін термин. Сыбайлас жемқорлық – ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Осындай қауіпті құбылыстың алдын алу, оны қоғамымызға жат қылық ретінде ашып көрсету, оған қарсы күресу – баршамыз болып жұмылатын маңызды іс.

Мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы көптеген шаралар жасалып жатыр. Соның бірі елімізде 2015 жылы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы. Бұл заң аясында жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдардың заң мен

сот алдында теңдігі, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер және т.б. қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елдің стратегиялық даму басымдықтарының бірі, сондай-ақ елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жүйелі әрі тиімді шараларын іске асыруға байланысты. Осы бағытта бірқатар міндеттер іске асырылды: Қазақстан ГРЕКО халықаралық ұйымының мүшесі болды, нормативтік-құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптау институтының жұмысы жаңартылды, бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін басшыларды қызметтен босату қағидаты заңнамалық түрде енгізілді.

Өз болашағымызға өзіміз балта шапқандай болмай, әр мемлекеттік қызметкер атына кір, арына дақ келтіретін әрекеттерден аулақ болған жөн.

Н.САМЕНДИРОВА,
Ақтау қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған соты
әкімшісінің басшысы

АБАЙ – 180

Руханият шамшырағы

2025 жыл – қазақ халқы үшін ерекше тарихи жыл. Осы жылы ұлы ойшыл, ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – халқымыздың рухани тарихындағы аса маңызды кезең. Абай – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл ұлт мәдениеті мен руханиятының биік шыңы.

Абай XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, ұлтына рухани серпіліс әкелген, елінің болашағын ойлаған, әділет пен білімді жоғары қойған тұлға. Ол өз шығармаларында надандықты, жалқаулықты, екіжүзділікті сынға алып, халықты еңбекке, ғылымға, адамгершілікке шақырды. Оның «Қара сөздері» терең ой мен өмірлік ұстанымдарға толы философиялық туындылар.

Биылғы 180 жылдық мерейтой аясында елімізде түрлі деңгейдегі

іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мектептер мен университеттерде Абай оқулары, ғылыми конференциялар, көрмелер, театрландырылған қойылымдар өткізіліп жатыр. Бұл шаралар жас ұрпаққа Абай мұрасын жаңаша танып-білуге үлкен мүмкіндік береді.

Гүлмира КАЛИКОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының басшысы

ПӘРМЕН

45 млн теңге жымқырған адам экстрадицияланды

ҚР Бас прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі бірлесіп, аса ірі көлемде алаяқтық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсатында Қазақстан азаматын Польшадан экстрадициялады.

Күдікті 2023 жылы Польшадан екі жүк көлігін алып келуге уәде беріп, жабірленушінің 45 миллион теңге көлеміндегі қаражатын иемденіп, өз міндеттемелерін орындамай, жасырынып жүрген.

Ағымдағы жылғы ақпанда ол Бодзентын қаласында ұсталып, ҚР Бас прокуратурасының сұрау салуы бойынша елге экстрадицияланды. Қазір уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды.

Мұндай қылмысты жасағаны үшін мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

ҚР Бас прокуратурасының
баспасөз қызметі

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ӘР ӨТІНІШ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекеттік органдардың қызметінде азаматтардың өтініштерін қарау жұмысының маңызы зор, өйткені мемлекеттік органдардың қызметкерлері азаматтардың проблемалық мәселелерін қарауда заң талаптарын түсіндіріп, бұзушылықтарды жоюға көмектеседі.

Тәжірибеде әлі де болса азаматтардың құқықтары мен мүдделерін бұзу, мемлекеттік органдардың өтініштерді қарау мерзімдерін негізсіз кешіктіру, мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсетпеу, дәлелсіз бас тарту жағдайлары жиі кездеседі. Бұл тұрғындардың арызшағым жазуына әкеп соғады.

Әрбір азамат өз мәселелерін шешуге мүдделі, мысалы, белгілі бір қызметпен айналысу құқығын беретін рұқсат құжатын алу, тұрғын үй салу/жөндеу және оны заңдастыру, жер телімін алу, балаларды білім беру ұйымына орналастыру және басқа да мүдделер, алайда, қызмет алушылардың барлығы бірдей қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен, қызмет көрсету тәртібімен таныс емес.

Осыған орай, әрбір мемлекеттік қызметшіден азаматтарға сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сайтты қолжетімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету, тікелей орындаушылармен және өтініш берушімен жұмыс кездесулерін ұйымдастыру, қызмет көрсету тәртібі туралы тұрғындарды үнемі хабардар ету талап етіледі.

Мемлекеттік қызмет істері департаментінде мемлекеттік органдардың өкілдері мен өтініш берушілер арасында тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырылып, онда өтініштегі әрбір дәлел жан-жақты зерттеліп, бастарту себептері түсіндіріліп, мәселені шешу жолдары көрсетіледі.

Басқарманың қызметі толығымен азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған жұмыстарды сапалы ұйымдастыруға бағытталғанын атап өткен жөн. Осы мақсатта Telegram желісінде азаматтарға өзекті мәселелерді шешу үшін өз өтініштерін беретін платформа жұмыс істейді.

2024–2025 жылдың 1 тоқсаны аралығында бұзылған мүдделерін қорғауға жүгінген азаматтардың қалпына келтірілген құқықтарының үлесі 70%-ды, Telegram платформасы арқылы қалпына келтірілген құқықтардың үлесі 66%-ды құрады.

Мысалы, департаментте азамат Н.-ның жүргізуші куәлігінің телнұсқасын беру бойынша мемлекеттік қызметті алу кезіндегі құқықтарын қалпына келтіруге көмек көрсетілді. Атап айтқанда, өтініш беруші eGov-mobile арқылы жүргізуші куәлігінің телнұсқасын алуға өтініш берген. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 90 минутты құраса да, өтініш берушіге бір ай күтуге тура келген.

Шағым бергеннен кейін департамент қызметкерлері қызмет көрсетушіге хабарласып, ұзақ күтудің себебі шағымданушыға хабарланбаған техникалық ақаулар екенін анықтады. Басқарманың араласуымен мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы заң бұзушылықтарды жойып, азаматқа жедел түрде мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Құқықтардың қалпына келтірілуіне азаматтардың шағымын қарау бойынша департаменттің іс-әрекетін де келтіруге болады. Ш. деген азамат Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен түсті металдарды жинауға, өңдеуге және өткізуге рұқсат беруге байланысты мемлекеттік қызметті көрсетуден заңсыз бас тартылғаны туралы шағымданды. Оған көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін уәкілетті мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты уақытылы сұратпаумен байланысты ішкі процестерді бұзуы себеп болды.



Шынарай ӘЛИМХАН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Алматы қаласы
бойынша департамент
басшысының міндетін
атқарушы

Қажетті құжаттар мен мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесі зерттеліп, өтініш берушінің дәлелдері расталды. Кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Өкінішке қарай, осыған ұқсас жағдайлар басқа салаларда да орын алып отыр, соған байланысты басқарма тексеру іс-шараларын жүргізеді, тиісті заңнаманы зерделейді, қажет болған жағдайда уәкілетті органдарға сауалдар жолдайды, лауазымды тұлғалардан түсіндірме алады, жағдайды түсіндіру үшін өтініш берушімен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен жұмыс кездесулерін ұйымдастырады.

Осыған байланысты мен мемлекеттік органдарды сапалы қызмет көрсетуге және қызмет алушыға бағдарлануға шақырғым келеді, өйткені азаматтардың мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына қанағаттануы олардың жұмысының сапасына байланысты.

МЕРЕЙ

АНАҒА ҚҰРМЕТ – МӘҢГІЛІК



11 мамырда Қазақстанда Аналар күні аталып өтілді. Бұл мереке 2023 жылы ресми түрде бекітіліп, жыл сайын мамыр айының екінші жексенбісінде тойланады.

Аналар күні – аналардың қадір-қасиетін дәріптейтін, аналарға деген сүйіспеншілік пен алғыс сезімін білдіруге арналған маңызды мереке. Бұл күн әлемнің көптеген елдерінде кеңінен аталып өтеді. Аталған мерекені өткізу – ананың қоғамдағы мәртебесін арттыруға, аналық құндылықтардың маңызын насихаттауға, қазіргі Қазақстан қоғамындағы аналардың рөлін айқындауға, сондай-ақ қазақ халқының тарихындағы аналар бейнесін ұлықтауға бағытталған.

Мерекенің маңызын арттыру мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Анаға құрмет» атты челлендж бастамасын ұсынды. Оның аясында әлеуметтік желі қолданушы-

лары өз аналары жайлы естеліктерімен бөлісіп, ең қымбат жанға деген ілтипатын білдіруде.

Биылғы мереке AnaFest атты кең көлемді отбасылық фестивальмен аталып өтті. Шара аясында ата-аналар мен балаларға арналған тегін шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, отбасылық қарым-қатынас мәселелері бойынша мамандар кеңес берді. Балалар арасында «Ананың алақаны» атты фотосурет байқауы мен көрмесі де ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шаралар Қазақстанның барлық өңірінде өткізілді.

ҚР Мәдениет және
ақпарат министрлігінің
баспасөз қызметі

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БІЗ КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫМЫЗ!

Жетісу облысында киберқылмыстарға қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бағытында маңызды қадам жасалды. Киберқылмыстар санының қарқынды өсуі құқық қорғау органдары мен ұялы байланыс операторларының өзара іс-қимылын жетілдіруді қажет етеді.

Мұндай ынтымақтастықтың бір мысалы ретінде Жетісу облысының прокуратурасы мен «Теле2 / Ал-

тел» компаниясы арасындағы өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қоюды атауға болады.

2025 жылғы 24 сәуірде «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында облыс прокуратурасы алаңында Жетісу облысының прокуроры М.Б. Басшыбаев пен ұялы байланыс операторының қауіпсіздік қызметі басшылығы арасында кездесу өтті.

Кездесу барысында өзара іс-қимыл туралы келісімге қол жеткізілді, бұл қылмыстарды ашудың тиімділігін арттыруға, азаматтарға келтірілетін залалды азайтуға, мемлекеттік билік институттары мен бизнеске деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы прокуратурасы

БІЛГЕН ЖӨН

Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмекпен жүгінуі туралы нұсқаулығы Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының 2016 жылғы 11 мамырдағы бұйрығымен бекітіліп, 2019 жылғы 24 сәуірде өзгерістер енгізілген.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

Нұсқаулық 3 тараудан, яғни, жалпы ережелер, Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек сұрап жүгіну деп аталатын тараулардан тұрады. Аталған нұсқаулық – Қазақстан Республикасы соттарының халықаралық-құқықтық ынтымақтастық саласында шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек көрсету және құқықтық көмекпен жүгіну тәртібін нақтылайды.

Нұсқаулықта мынадай ұғымдар қамтылған:

Құзыретті орган – азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ халықаралық шартқа не тиісті мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік мекеме не Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің соты.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты – Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен не халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан

және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжатта болуына қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім.

Құқықтық көмек – бір мемлекет сотының басқа мемлекеттің құзыретті органдарынан келіп түскен тапсырма немесе өтінішхат бойынша істі сотта қарау немесе сот актісін орындауды тану және шешу үшін қажетті процестік әрекеттерді жүргізуі. Тапсырма – басқа мемлекеттің аумағында құжаттарды тапсыру және жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы сот құжаты. Өтінішхат – жеке немесе заңды тұлғаның не соттың басқа мемлекеттің аумағында сот актісін тану және оның орындалуын шешу туралы өтінішпен жүгінуі болып табылады.

Соттар нақты мән-жайларды, сот төрелігі мен жалпы қоғамның мүдделерін негізге ала отырып, заңнамаға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек көрсетеді. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарт-

та, Қазақстан Республикасының заңнамасында қамтылатын қағидалардан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттардың қағидалары қолданылады.

Нұсқаулықта айқындалған-дай «1993 жылғы 22 қаңтардағы

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы соттарының, шет мемлекеттер соттарының тапсырмалары, азаматтық және отбасылық істер бойынша соттардың шешімдерін тану және орындау туралы өтінішхаттар бойынша аталған конвенциялардың ережелерін орындауға, Соттар әкімшілерінің тапсырмаларды немесе өтінішхаттарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот актілерін орындауға байланысты жасалған құжаттарды қарау мерзімі 10 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Департаментке келіп түскен шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмалары, олардың орындалуына кедергі келтіретін себептер болмаған кезде, олардың орындалуын ұйымдастыру үшін шет мемлекеттің құзыретті органы хабардар етіле отырып, аумақтылығы бойынша Соттар әкімшісіне жіберіледі. Тапсырмалар сот отырысы барысында орындалады және хаттама жасалады.

Шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмаларын, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының соттарына келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде ел заңнамасында белгіленген тәртіппен орындайды.

С.ӨМІРСЕРІКОВА,
Қызылорда облысы
мамандандырылған
экономикалық сотының
судьясы



РЕФОРМА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ

Үш дербес кассациялық сот 1 шілдеден бастап жұмысына кіріседі. Мұндағы негізгі жаңашылдық – кассациялық соттар енді өндіріске түскен істерді алқалы құрамның таразылауымен жаппай қарайды. Ал бүгінгі күнге дейін кассациялық алқа істерді таңдап қарайтын. Соның салдарынан статистика бойынша кассацияда өтініштердің шамамен 5 пайызы ғана қаралып келген еді.

Бұл азаматтардың заңды ренішін тудырды. Кассациялық алқаның жұмысына қатысты көпшіліктің пікіріне құлақ түрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құзырлы органға арнайы тапсырма жүктеп, өркениетті елдердің кассациялық соттарының тәжірибесін зерделеіп, оңтайлы шешім қабылдау қажеттігін ескерткен еді.

Осылайша Жоғарғы Соттың бас-тамасымен кассациялық соттарды жаңғырту бойынша ауқымды ізденістер қолға алынды. Осы зерделеу шеңберінде көптеген өркениетті елдердің кассациялық сатысының жұмыс тәртібі сарапқа салынды. Кассациялық сотқа қатысты ғалымдардың, заңгерлердің, сот ардагерлері мен құзырлы орган өкілдерінің пікірлері де елеусіз қалған жоқ. Яғни, 2025 жылдың 1 шіл-

десінен бастап қызметіне кіріскелі отырған үш кассациялық сот – халқы қалауы. Сонымен бірге, бұл барша азаматтардың талап-тілегі ескеріле отырып дайындалған бірегей жоба. Реформа, ең алдымен, азаматтардың сот арқылы қорғалу қажеттіліктерін толық қанағаттандырады деп күтіліп отыр.

Жаңа соттар Астанада жұмыс істейді. Кассациялық соттардың құрылуымен шағымдарды алдын ала зерттеу, іріктеу жойылады. Яғни, кассацияға түскен істер енді бірден өндіріске қабылданады және мәні бойынша үш судьядан тұратын алқаның қарауымен таразыланады.

Кассациялық соттар – төменгі соттардың заңды күшіне енген шешіміне берілген шағым бойынша істерді қарайды. Олардың негізгі


міндеті – бірінші және апелляциялық сатыдағы судьялар қабылдаған сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексеру. Осы тұста мына мәселеге назар аудару керек, кассациялық соттар істі мәні бойынша қайта қарамайды, дәлелдемелерді бағаламайды. Кассация құқық нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді. Егер кассациялық сот төменгі соттардың жіберген қателіктерін анықтаса, олардың шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі қайта қарауға жіберуі немесе жаңа шешім шығаруы мүмкін. Кассациялық сот судьялары заңдардың бірдей түсіндірілуін және қолданылуын қамтамасыз ететіндіктен, бұл республикада бірегей сот практикасының қалыптасуына көмектеседі.

Міне, осындай үлкен жауаптылық жүктелген кассациялық соттардың тәжірибеге қосылуына аз уақыт қалды. Жаңа реформа отандық сотқа деген ел сенімін нығайтары анық.

Гүлнар ТИШТИКБАЕВА,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ҚОҒАМДЫ ДАМУЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ ҚОМАҚТЫ



Әйелмен әлем әдемі. Қыз-келіншектер қиындыққа төзімділігімен, жұмысқа жауаптылығымен, мамандығына адалдығымен үнемі қатарының алды болып, әр саланың көшінің басында жүр. Мемлекеттің дамуына қомақты үлес қосып жүрген нәзік жандыларды жынысына байланысты жұмыстан шеттетуге, кемсітуге ешкімнің құқығы жоқ. Себебі бас құжатымыз – Конституцияның 14-бабында азаматтарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешқандай кемсітуге болмайтыны көрсетілген. Бұл қағида барлық салада басты назарда ұсталуға тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та гендерлік теңдіктің сақталуына үнемі қамқорлық танытып келеді. «Жалпы халық санының 55 пайызына жуығын әйелдер қауымы құрайды. Бірақ соған қарамастан, еліміздегі басшылық құрамның 39 пайызында ғана әйелдер отыр. Ал саяси қызметтегі қыз-келіншектердің үлесі 10%-ға да жетпейді» деген Президент білімін жетілдіремін, қызметте өсемін деген нәзік жандыларға қолдау кемімеуі керектігін қадап айтқан болатын.

Расында әділетті мемлекет құру үшін гендерлік теңдіктің сақталуы

маңызды. Себебі теңгерімді сақтау – құқықтық, зайырлы қоғамның басты ұстанымы. Бүгінде мемлекет тарапынан жасалып отырған мүмкіндікті пайдаланған қыз-келіншектер өзі қалаған салада табысты еңбек етіп жүр. Соның ішінде отандық соттағы әйелдер қауымының үлесі де жылдан-жылға артуда. Сот қызметкерлері ғана емес, судья болып ел ықыласына бөленіп жүрген әріптестеріміз көпшілікке тамаша үлгі. Табандылығымен, білім-білігінің жоғарылығымен әріптестерін мойындатқан нәзік жандылар арасында аудандық сот төрағасы болып жауапты жұмыс атқарып жатқандары қаншама? Облыстық, қалалық соттарда алқа төрағасы қызметін абыроймен үйлестіріп келе жатқан нәзік жандылардың еңбекқорлығына, ұйымдастыру шеберлігіне де айрақша тәнті боласыз.

Сот саласының жүгін ер азаматтармен қатар арқалап келе жатқан нәзік жандылар отбасының да алтын қазығы болып, ұрпақты дұрпақ тәрбиелеуге де қомақты үлес қосып жүр. Әйел-судьялар арасында көп балалы ана атанып, алтын, күміс алқаларды өңіріне қадағандар қаншама? Қызметін де ақсатпай, отбасының берекесін де кемітпей келе жатқан судья аналардан кейінгі буынның үйренері, үлгі алары көп. Міне осындай табысты ханымдар елімізде гендерлік теңдіктің сақталатынының нақты дәлелі болса керек. Осындайда қазақ халқының: «Әйел – бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген әдемі даналық сөзі еріксіз ойға оралады.

Айсет АЙДАРБАЕВА,
Мұнайлы аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КОНСТИТУЦИЯ – 30

АТА ЗАҢ – АЙБЫНЫМЫЗ

Ата Заң – әрбір елдің сүйенетін бас құжаты. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына, зайырлы, құқықтық ел ретінде мойындалуына алғышарт қалаған негізгі заң – Конституция екені мәлім. Қазақстанның Конституциясының қабылданғанына биыл отыз жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде бас құжат барлық заңдардың басты бағдары болды. Азаматтардың құқығы мен бостандығының мінсіз қорғалуына да Конституция кепілдік беріп келеді.

Ата Занда мемлекеттегі барлық қарым-қатынастар заңдық нормалармен реттелген. Сонымен қатар қазақстандық соттың да жұмысы, мәртебесі, тәуелсіздігі бас құжатта жан-жақты дәйектелген.

Конституцияның жетінші бөлімі «Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге» арналған. 75-бапта көрсетілгендей, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Бұл елімізде соттың ғана мемлекет атынан адам тағдырын таразылап, қандай да бір құқық бұзушылық пен қылмыс үшін жауапкершілік белгілейтін, жаза тағайындайтын биік орган екенін бекітеді. Сот төрелігінің Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатынын азаматтар түсінуі керек. Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық заманда халықтың сот жұмысына, судьялар мәртебесіне қатысты құқықтық сауатын көтеру маңызды болып отыр. Өйткені, сот жұмысынан хабары жоқ, бірде бір рет сот процесіне қатысып көрмеген азаматтардың «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деген ұстаныммен негізсіз пікір білдіруі құқықтық мемлекеттегі адалдық, әділдік, теңдік қағидатына қайшы.

Ата Заңның 77-бабында «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады» деп нақты жазылған. Конституцияда дәйектелген осы талапты еліміздің

кейбір тұрғындары ескере бермейді. Әлеуметтік желідегі танымалдығын арттырып, беделін көтеруді ойлаған кейбір азаматтардың сотты қара-лап, судьялардың еңбегін жоққа шығаруды әдетке айналдырғанын жиі байқап жүрміз. Бір судьяның кемшілігі үшін бүкіл сот құрылымының жұмысын сынау қате. Егер сын әділ болса, негізді болса, бұл сот жұмысын жандандыруға үлкен көмек болары даусыз. Ал жөнсіз айтылған, дәлелсіз жазылған пікір салаға қатысты теріс көзқарас қалыптастырып қоймай, осы ортада тынымсыз еңбек етіп жүрген судьялар мен сот қызметкерлерінің ынтысын төмендетеді. Сондықтан, Ата Зандағы сот пен судьяларға артылған жауаптылықты, міндет пен межені біліп жүрген артықтық етпейді.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне сүйене отырып Президенттің ұсынуымен Сенат сайлайды. Ал жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Президент қызметке тағайындайды. Осындай мәртебелі жауаптылық жүктеліп отырғандықтан, әрбір судьяның өзіне тапсырылған істі ар мен заңға сүйене отырып, адал атқаруға тырысатыны анық. Ата Заң айқындаған мәртебеге лайық болу – баршамыздың парызымыз.

Қанат ЕРМЕКОВ,
Жетісу аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЭКОНОМИКА

Алматы облысы өңірлер арасында тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің саны бойынша да, олардың жұмыс істеп тұрғандарының саны бойынша да республикада жетекші орында. Оның алдында тек Астана, Алматы қалалары мен Түркістан облысы тұр.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ КӨШ БАСТАП ТҰР



Дара кәсіпкерлік субъектілері туралы сөз қозғалған кезде бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар мен филиалдарға тоқталмай кету мүмкін емес. Өйткені бұл көрсеткіш өңірдегі экономикалық және инвестициялық тартымдылықтың басты белгісі саналады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда, 1 сәуірдегі жағдай бойынша еліміздегі 11 685 заңды тұлғалар мен филиалдардың 335-і Алматы облысында орналасқан. Оның 320-сының қызметкерлер саны 100 адамға дейінгі шағын субъектілер болса, ал қызметкерлерінің саны 250-ге дейінгі кәсіпорындар орта субъектілер болып есептеледі. Қызметкерлерінің саны 250-ден жоғары ірі субъектілер саны бесеуі.

Алматы облысындағы бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар мен филиалдардың экономикалық қызмет

түріне қараған кезде онда өңдеу өнеркәсібі (92) үлесінің басым екенін де ерекше атап өтуге болады. Одан кейінгі орында көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу салалары (81) тұр. Бестікті құрылыс (30); ауыл, орман және балық шаруашылығы (21) мен жылжымайтын мүлікпен операциялар (19) түйіндеп тұр. Ал 13-і өнер, ойын-сауық және демалыста; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет.

Осы арада оқырман үшін Алматы облысында қандай елдердің қанша бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалары мен филиалдары бар екенін де айта кеткен артық болмас. Егер тізімге көз жүгіртер болсақ мұнда жалпы, 44 елдің шағын, орта және ірі кәсіпорындары барын көруге болады. Оның ішінде: АҚШ, Белиз, Гонконг, Иордания, Люксембург,

Нигерия, Оман, Панама, Польша, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Чех Республикасы, Эстония елдерінен бір-бірден; Ауғанстан, Израиль, Канада, Кипр, Латвия, Мажарстан, Пәкістан мен Франциядан екі-екіден; БАӘ, Грузия, Кайман аралдары, Литва мен Сингапурдан үш-үштен. Корея Халықтық-Демократиялық Рес-

публикасы, Нидерланды мен Үндістаннан төрт-төрттен; Армения, Беларусь, Әзірбайжан елдерінен бес-бестен; Біріккен Корольдік пен Ираннан жеті-жетіден; Қырғызстаннан тоғыз, Германия мен Корея Республикасынан он-оннан; Италиядан – 11; Украинадан – 12; Өзбекстаннан – 24; Түркиядан – 39; Қытайдан – 62; Ресейден – 85 компания бар.

Егер республикадағы жалпы ахуалды айтар болсақ, биыл алғашқы тоқсанда тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері саны былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4 пайызға көбейген. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлердің үлесі 67,7 пайызды, шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 20,4 пайызды, шаруа немесе фермер қожалықтары – 11,6 пайызды, орта кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 0,1 пайызды құрады.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 35,4%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 13,9%, «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 13,2% салаларына тиесілі.

Сарби ӘЙТЕНОВА

БІР МҮДДЕ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов алдағы уақытта мемлекеттік рәміздерді қолдануға қатысты жауапкершілік күшейе түсетінін мәлімдеді.



Министрлік өкілінің айтуынша, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілмек.

– Бүгінде министрлік 2025 жылғы 27 наурыз күні Атырау облысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, оның ішінде мемлекеттік туды қорлау фактісі бойынша Атырау облысының Ішкі істер департаментімен, Ішкі саясат басқармасымен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, сауда үйлерінде, кинотеатрларда, халық көп шоғырланатын жерлерде арнайы бейнероликтер арқылы ақпараттық насихат жүріп жатыр, — дейді вице-министр.

Одан бөлек, министрлік «Ozon.kz», «Wildberries.kz», «Temu.kz» халықаралық он-

лайн платформаларына, «Kaspi.kz» «Halyk.kz» «Jusan.kz» «Freedom.kz» банкі және басқа да қазақстандық интернет дүкендеріне ресми хат жолдап, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырған.

– Сонымен қатар, қолданыстағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 458-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделгенін мәлімдейміз, — деді.

Еске салсақ, биыл наурызда Атырауда өзге тілде жазылған жазуы бар мемлекеттік тумен фотоға түскендер ұсталды. Артынша, әлеуметтік желіде таралған фотоға байланысты мемлекеттік рәміздерді қорлау бабымен қылмыстық іс қозғалды.

Сондай-ақ мемлекеттік туды

қорлаған атыраулықтың бірі 15 тәулікке қамауға алынды. Айта кетейік, құқық бұзушылардың 2-еуі көмелетке толмаған жасөспірім. Сот қаулысымен көмелетке толмаған А.-ның заңды өкіліне әкімшілік жаза ретінде 39 мың 320 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Осыған сәйкес, мереке қарсаңында Оралда да «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық бірегейлік негізі» атты жиын өтті.

Іс-шараға облыс әкімдігінің қызметкерлері, Ұлттық құрылтай мүшелері, Геральдикалық зерттеулер орталығының өкілдері, ЖОО мен мектеп оқытушылары, сондай-ақ белсенді жастар қатысты.

Жиын барысында мемлекеттік рәміздерді насихаттау, оған қатысты құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау, мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі мен ұлттық стандарттардың сақталуы, сондай-ақ Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу мәселелері талқыланды.

Спикерлер орталықтың атқарып жатқан жұмыстары жайында сөз қозғап, мемлекеттік рәміздер тарихы мен заңнамаға сәйкес мемлекеттік рәміздерге қатысты жауапкершілік түрлерін кеңінен түсіндірді.

Сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді ұлттық құндылық тұрғысынан насихаттаудың мәні мен маңызына тоқталды.

Кездесу барысында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ШАРА

ЖЕҢІС РУХЫ – МӘҢГІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Қазақстанда Жеңістің 80 жылдығы кең көлемдегі патриоттық іс-шаралармен аталып өтті. Аса маңызды тарихи датаның 80 жылдығына арналған мерекелік бағдарламалар Астана, Алматы және облыс орталықтарында жалпыхалықтық сипат алып, бейбіт күн үшін жанын қиған батырлар рухына тағзым ету шараларымен өрбіді.



Биылғы мерекенің басты оқиғасы – Астана қаласында 7 мамыр күні өткен әскери парад болды. ҚР Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған парадқа 4 мыңнан астам әскери қызметкер мен 200-ден астам техника қатысты. Ел тұрғындары мен шетелдік қонақтар алғаш рет Bv, Tог зениттік-зымыран кешендерін және Barys, Alan, Aybar, Taymas сияқты жаңа отандық бронетехникаларды тамашалау мүмкіндігіне ие болды. Әуе күштерінің ұшақтары мен тікұшақтары аспанда шеру жасап, елдің қорғаныс қуатын паш етті. Жеңіс күнінің тағы бір маңызды бөлігі – еліміздің ірі қалаларында өткен «Батырларға тағзым» атты шеру болды. Алматы мен Семейде ұйымдастырылған шара барысында мыңдаған азамат қолдарына ата-бабаларының фотосуреттерін ұстап, бейбіт өмір үшін күрескен боздақтарды үнсіз еске алды. Бұл шеру – халықтың өткенге құрметі мен болашаққа деген жауапкершілігін айқын көрсеткен маңызды шараға айналды. Жеңіс күнінде ҚР Президенті Қасым-Жо-

март Тоқаев Ресей астанасы Мәскеуге ресми сапармен барып, Қызыл алаңда өткен әскери парадқа қатысты. Салтанатты шараға Орталық Азия елдерінің басшылары да шақырылып, Екінші дүниежүзілік соғыстағы ортақ жеңістің маңыздылығын атап өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінде мерекеге орай түрлі концерттер, көрмелер мен театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылды. Ақтау қаласында «Жеңіске 100 күн» акциясы аясындағы патриоттық қойылым көрермендерге ұсынылды. Астанадағы «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетіліп, оларға арналған арнайы қабылдаулар ұйымдастырылды.

Мерекелік шаралардың шарықтау шегі Алматыдағы қала тұрғындары мен қонақтарына арналған дрон-шоу болды. Сағат 21:00-де Абай алаңында басталған шоуға 500-ден астам дрон қатысты. Қаланың үстінде жарық арқылы Отан қорғаған батырлардың бейнелері пайда болды: Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және Бауыржан Момышұлының бейнелері көрермендер көңілін толқытып, мақтаныш сезімін ұялатты. Шоудың ерекше көріністерінің бірі – аспандағы тырна бейнесі мен «Жеңіс күні құтты болсын!» деген жазу болды. Қазақы ою-өрнектермен көмкерілген композициялар жарық арқылы көрсетіліп, көрермендерге бейбіт өмірдің қадірін тағы бір еске салды.

Биылғы Жеңіс күні – тарихи жадыны сақтау, ұрпақ сабақтастығын нығайту және бейбіт өмірдің қадірін бағалау тұрғысынан ерекше мазмұнға ие болды. Еліміздегі әрбір азаматтың жүрегінде Отан қорғаушыларға деген алғыс пен құрметтің мәңгілікке сақталатыны анық.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕРТЕ ЕМДЕЛГЕН АУРУДЫҢ ДАУАСЫ БАР

Обыр дерті қазіргі таңда бүкіл әлемді алаңдатып отырған үлкен мәселеге айналды. Өлім көрсеткіші жағынан жүрек қан тамырларынан кейінгі екінші орынды еншілеген бұл қауіпті дерт бүгін жас-кәріні талғамайтын болды. Бұл сапта бүгін жастардың көбейіп кеткені қоғам алаңын еселей түсті.

Алматы онкологиялық орталығының гинеколог дәрігерлері «жатыр мойны обырының» асқынып тұрғанын да алға тартады. Мәселен, жақында орталыққа «жатыр мойны обырының II сатысы» деген диагнозбен 26 жастағы әйел жеткізілген. Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармасы Онкогинекология бөлімінің меңгерушісі Райхан Болатбекованың айтуынша, науқас бір жыл бойы қанды бөліністер мен шағымдарға қарамастан дәрігерге жүгінбеген. Оның екі баласы бар.

Жағдайы нашарлап кеткен кезде ғана ол медициналық тексеруден өтуге келген.

– Онкологиялық орталықтың дәрігерлері күрделі операция жасады. Жатыр, жатыр мойны және регионарлық лимфа түйіндері алынды. Науқас жас болғандықтан, дәрігерлер аналық бездерді сақтап қалу туралы шешім қабылдады, бұл болашақта суррогат ана болу арқылы сәби сүюіне мүмкіндік береді, — дейді Райхан Болатбекова.

Үш сағатқа созылған операция сәтті өтті, қазір әйел мамандардың бақылауында және химия-сәулелік терапия түрінде қосымша ем қабылдап жатыр.

Дәрігер пікірінше, Алматыда жатыр мойны обыры әйелдер арасындағы онкологиялық аурулар ішінде сүт безі обырынан кейінгі орында тұр. 2024 жылы бұл диагноз 206 әйелге қойылды. Негізгі жас тобы – 35-тен 50 жасқа дейінгі әйелдер.



– Жатыр мойны обырының «жасарып» бара жатқаны алаңдатады. «Мысалы, Алматыда 20–24 жас аралығындағы қыз-келіншектер жатыр мойны обырымен тіркеліп жатыр. Ерте сатыда бұл ауру айқын белгілерсіз өтуі мүмкін, сондықтан тұрақты профилактикалық тексерулер мен скринингтен өту арқылы жатыр мойны обырын бастапқы кезеңінде анықтап, сәтті емдеуге болады, — дейді онкогинеколог. Мемлекеттік бағдарлама аясында 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер төрт жылда бір рет тегін скринингтен өте алады. Бұл – цитологиялық жағынды алу арқылы жүргізілетін, ерте диагноз қоюдың қарапайым әрі қолжетімді әдісі.

Дәрігерлер барлық әйелге тіпті болмашы белгілердің өзін елемеге болмайтындығын және гинекологқа тұрақты түрде баруға кеңес береді. 26 жастағы науқас кеш қаралғандықтан репродуктивті функциясын сақтау мүмкіндігінен айырылды.

Сондықтан дәрігерлердің айтуынша, кез келген қазақстандық қыз-келіншектің өз денсаулығына мұқият, ыждаһатпен қарап, дәрігерге жылына бір көрініп тұрғандары абзал. Дәрігерлердің айтуынша, дерт әбден асқынып, жоғары сатыларына жеткен кезде оның бетін қайтару қиын.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТАНЫМ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасында заң факультетінің 70 жылдығына және з.ғ.д., профессор Ирина Амирханованың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған: «Жасанды интеллект дәуіріндегі құқық: заманауи тенденциялары мен мүмкіндіктері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Шараға қатысушылардың мақсаты – жасанды интеллектіні құқықтық реттеуге байланысты заманауи мәселелерді айқындау және талдау болатын.


Жауапкершілік, мәліметтер мен зияткерлік меншікті қорғау, жасанды интеллектіні құқықтық қорғау мәселелерін талқылау қажеттігі пісіп жетілді. Осының барлығы профессор И. Амирханованың ғылыми және педагогикалық мүдделерінің аясына енді. Ирина Викторовнаның бүкіл еңбек қызметі іс жүзінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен байланысты. Ол 2000–2004 жылдары азаматтық және кәсіпкерлік кафедрасының меңгерушісі болды. 50-ге жуық ғылыми жарияланымы оның белсенді ғылыми қызметі мен заңтану саласындағы сүбелі үлесінің маңыздылығын айғақтайды. И. Амирханованың шәкірттері оның ғылыми мұрасын жоғары бағалайды және кәсіпкерлік пен азаматтық құқықтың аспектілерін жүйелі дамыта отыра, зерттеу шеңберін кеңейтуде. Бұл конференция осының айқын дәлелі. Онда жасанды интеллектіні реттеу, сондай-ақ азаматтық және кәсіпкерлік құқық циклін оқыту саласында пікірлер мен озық тәжірибелерді алмасу үшін сарапшылар, құқық қорғаушылар, ғалымдар мен бизнес өкілдері, магистранттар мен студенттер жиналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры з.ғ.к., Гүлия Мұқалдиева конференцияны аша отырып, жасанды интеллектіні қолдануды құқықтық реттеу мәселелерінің аса маңызды

екендігін, сонымен қатар жасанды интеллектінің жауапкершілігі, құқық түсінігі проблемасының, авторлық құқық мәселесінің заңнамада әлі де айқындалмағандығын атап өтті. Сондықтан цифрлық кеңістікте де, шынайы өмірде де жасанды интеллектіге қатысты қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізілді және жасанды интеллектіні тиімді реттеуге бөгет болуы мүмкін ағымдық нормалардағы кемшіліктер мен кедергілерді айқындауға әрекеттер жасалды.

Саясат және құқық мектебінің деканы, PhD докторы Мәдина Есіркепова өз баяндамасында еңбек саласындағы жасанды интеллектіні құқықтық реттеудің халықаралық тәжірибесіне кеңірек тоқталды, тосын түйткілдер мен үздік практиктерді бағалады. Баяндамашы халықаралық тәжірибені зерттеуге және елдер арасындағы үздік тәжірибелермен алмасуға екпін жасады. Олардың тиімді және әділ ортаны жасау үшін маңызды қадамдар болып табылатындығын атап көрсетті. АҚШ, ЕО, Оңтүстік Корея және Канада сияқты елдердің тәжірибесі қарастырылды және жұмыс орнындағы қызметкерлерді шектен тыс цифрлық бақылау, еңбек қатынастарындағы мүдделер теңгерімі бұзылуының алгоритмиялық кемсітушілігі, еңбек қатынастарындағы цифрлық платформаны дамуы және жұмыскерлердің жеке мәліметтерінің қорғалуы сияқты

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚҰҚЫҚ



проблемалық мәселелер ашып көрсетілді.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының докторанты Г. Құдайбердина «Жасанды интеллект және зияткерлік меншік: мойындау және қорғау мәселелері» атты баяндама жасады. Тақырып, даулы болса да өзекті. Өйткені жасанды интеллекті мен зияткерлік меншік құқығы жүйесінің ықпалдастығы, атап айтқанда жасанды интеллектінің қатысуымен құрылған объектілер нәтижелерін мойындау мен қорғау мәселелері әлі қалыптасу сатысында тұр.

Висмар қаласы (ФРГ) қолданбалы ғылымдар университетінің ғылыми қызметкері Димитри Олейник Германия тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік басқаруды цифрландыру тақырыбын ашуға және мүмкіндігін талдауға құлшыныс жасады. Құпиялылық, қауіпсіздік және жауапкершілік мәселелерін қоса алғанда, жасанды интеллектіні қолдануға байланысты этикалық дилеммалар мәселесі қарасты-

рылды және жасанды интеллектіні реттеудегі халықаралық тәжірибе зерделенді, елдер арасындағы озық тәжірибелерді алмасу ұсынылды.

Висмар қаласы (ФРГ) қолданбалы ғылымдар университетінің экономикалық құқық профессоры Андреас Штайнингер legal tech шегінде жасанды интеллектінің қолданылу мәселелерін сөз етті. Ал, Ханс-Йоахим Шрамм Еуропалық одақтағы жасанды интеллектіні реттеу туралы әңгімеледі.

«Ала-Тоо» халықаралық университеті Заң бағдарламасы доцентінің міндетін атқарушы Эрболат Иманкуловтың азаматтық іс жүргізудегі цифрлық технологияларды қолдану туралы баяндамасы да уақыт талабына сай болып шықты.

PhD докторы, Universiti Malaya (Малазия) қауымдастырылған профессоры Мохаммед Ершадул Каримнің басқару алгоритмдері мен өзекті тенденциялар және әртүрлі құқықтық жүйелердегі жасанды интеллектіні басқару мен құқықтық реттеу саласындағы дамушы моделдер туралы сөйлеген сөзі кон-

ференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын туғызды.

Конференция қорытындысын шығара отырып, модератор Гүлия Мұқалдиева жасанды интеллект саласындағы заңнаманы дұрыс қалыптастырудың қазіргі уақытта тек Қазақстан Республикасының ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем елдерінің алдында тұрған проблема болып табылатындығын атап көрсетті. Сон-

дықтан өткізілген конференциядағы пікірлер мен тәжірибелердің алмасуы жасанды интеллектіге қатысты заңнаманы дұрыс қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Жасанды интеллектімен жұмыста барынша тиімді құқық нормаларын жасау жөніндегі заңнама үшін ұсыныстар әзірлеу және жасанды интеллект технологияларын дамытудағы трендтер мен туындауы мүмкін ықтимал құқықтық түйткілдерді болжау да өте пайдалы болды.

Конференция қорытындылары жасанды интеллектіні қолдану аспектілерінің тұрақты назарда ұстауға мұқтаж екендігін көрсетті.

С. ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы
кафедрасының профессоры,

О. ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Парасат» кәсіподағы
төрағасының орынбасары

ТАРАТУ

4. «КазЭкспрессИнвестПлюс» ЖШС (БСН 101140016598) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, 4-ықшам ауданы, 13-үй, 41-пәтер.

5. «ТОМОавто» ЖШС (БСН 220640050220) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бау-бақша серіктестерінің кооперативі Весна, 65, 104-үй, тел. 87057776735.

7. «ДИДАР АГРО» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 161040022460) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылдық округі, Ескі Шілік ауылы, Исаев Садыр көшесі, 71-үй, пошта индексі 160703.

9. «Ақмола ғылыми-зерттеу ветеринарлық станциясы» филиалы, БСН 150941008964, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Дулатұлы көшесі, 187/2 үй, өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 223, телефон: +7(727)233-71-46.

МҰРАГЕРЛІК

2. 16 желтоқсан 2024 жылы қайтыс болған Күралбаев Алихан Баймурзаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Түркістан обл., Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

ӨРТУРАІ

8. «Almaty Sport management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 190140018220) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қаныш Сәтбаев көшесі, 29/3, кеңсе 3.

Қышыма ошағынды жүргізілетін дезинсекциялық іс-шаралар

Қышыма – қышыма кенелері тудыратын жұқпалы тері ауруы. Инфекция көбінесе науқас адаммен тікелей байланыста немесе ауру адамның заттары арқылы (төсек, сүлгілер, жуғыштар, жұмсақ ойыншықтар, науқас адамның киімдері және т.б. арқылы) беріледі.

Аурудың белгілері:

- негізінен кешке және түнде терінің қышуы;

- саусақтардың арасындағы қатпарларда, кеуде терісінде, іште, белде, бөкседе, санның ішкі бөлігінде орналасқан жұптасқан ұсақ түйіндер, везикулалар түріндегі бөртпелер. Сонымен қатар, балаларда бөртпе жиі алақанда, табанда, бас терісінде және бетінде пайда болады.

Ошақтарда қорытынды дезинфекциялауды науқасты емдеуге жатқызғаннан кейін немесе амбулаториялық емдеуден соң жүргізеді (ауылдық жерде бір тәулік ішінде, қалада – алты сағаттан кейін).

Үй жағдайында ағымдық және қорытынды дезинфекциялауды науқасты күтетін адам немесе науқастың өзі жүргізеді; медициналық, білім беру ұйымдарында және басқа да объектілерде медицина қызметкері жүргізеді.

Қорытынды дезинфекциялау мыналарды қамтиды:

1. Киімдерді, төсек жабдықтарын, үй-жай жабдықтарының заттарын дезинсекциялау.

2. Барлық қорытынды дезинфекциялау іс-шаралары бір уақытта орындалады, заттар дезинфекциялау камерасында өңделеді.

3. Науқастың заттарымен жанасқан төсек жабдықтарын, киімді, жұмсақ ойыншықтарды және басқа заттарды қолдануға рұқсат етілген инсектицидтердің бірімен толтырылған арнайы қаптарға салып, дезинфекциялау камерасына дезинфекциялауға жібереді.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

(Соңы. Басы өткен санда)
* * *

Арыстанов Сараның үйіне жақын орналасқан бейнебақылау камера-ларының жазбаларын тағы бір рет қарап шықты. Бірнеше рет жолау-шылар, әсіресе көршілердің көрініп қалған бейнелерінен күдік тудыра-тын ерекше ештеңе байқалмады. Күдіктілерді жеке-жеке тергеген сайын әрқайсысының әрекеттері мен мәлімдемелері бір-біріне қайшы келіп, оқиғаның нақты шындығын ашу қиынға соқты. Арыстановтың алдында әлі де болса жауапсыз қалған сұрақтар көп болды. Бұл тер-геуді одан әрі қиындатып, әр күдік-тінің өзіндік мотивтерін тереңірек зерттеуді қажет етті.

Тергеу басқармасының бастығы Арыстанов марқұм әйелдің өмірін-дегі адамдардың әрқайсысына же-ке-жеке талдау жасауды ұйғарды. Оның қылмысқа қатысты жасырын мәліметтері болмаса да, бір нәр-сені анық ұқты. Қылмысты жасаған адам тек ашу-ызадан ғана емес, өзін осындай әрекетке итермелеген ерекше себептен барған. Арыста-нов әр күдіктінің тергеу барысында берген жауаптары мен іс-әрекетін көз алдына әкелді. Әлім сүйіктісінің өліміне әлі де көндіге алар емес. Ал түрмеде жатқан Марат соңғы айларда қаржылай қиындық көріп, үнемі марқұмнан ақша талап етіп отырған. Алайда Мараттың түрмеде отырып, тікелей қылмыс жасауға мүмкіндігі жоқ, демек, ол басқа адамды әрекет етуге итермелеген болуы ықтимал. Бұл Жасұлан бо-луы мүмкін. Өйткені оның марқұмды ұдайы қорқытып, уысында ұстағаны әрі айтқанын жүзеге асыра алмауы қылмысқа баруға итермелеген бас-ты себеп болатын. Жиені Алмас та оны үнемі мазалап, қарызға ақша сұрауды әдетке айналдырған. Тіпті оқиға болған күні кешкісін үйден асығыс шығып бара жатқанын Зағи-ра да растап берді. Марқұм жақында көршісінің есірткіге тәуелді екенін біліп қойып, полицияға хабар бе-ремін деп қорқытқаны, оның бұған қарсы ашуын туғызған. Оның соңғы уақытта Сараға деген жеккөрүшілік сезімінің өсуі бұл қылмысты жасауы-на себеп болуы әбден ықтимал ғой.

Полковник Арыстанов жаңа бағытты ойластыра бастады. Күдік-тілердің арасындағы шиеленіс пен олардың тергеуден жалтару ни-еттері шынайы қылмыскердің кім екенін анықтауға жол көрсететіндей көрінді.

Күдіктілердің бәрі бір-бірін кінәлаумен болды. Тәжірибелі тер-геуші әр күдіктінің жауабын же-ке-жеке саралап, бір мезетте психо-логиялық тұрғыдан тұрақсыз немесе ашулы екенін болжап, өмірдегі көр-ген травмаларына да тереңірек мән берді. Болжамы алдамашының түсін-гендей. «Иә, дәл өзі. Күдігім ешқа-шан алдамайтынын білем. Қылмы-сыңды өзгелерге қашанға дейін жабамын деп жүрсің?» деп орнынан атып тұрып, телефонға ұмтылды. Көмекшісіне «Марқұмның көршілері-нен тағы бір рет жауап алып, сыр тартып көрсек, қайтеді. Ал бұл уақытта мен күдіктілерді де әңгімеге шақырып көрсем деймін» деді пол-ковник. Оларды тергей бергеннен түк енбейтінін емеуірінмен көрсет-кен көмекші бұл қадамның да сәтсіз боларын айтпай, бірден іске кірісті.

Арыстанов күдіктілердің бар-лығын жеке-жеке шақырып алып, артынан барлығын бірге жинап қыл-мыскердің кім екені белгілі болға-нын жеткізді. «Біздің күмәніміз бір адамға тіреліп тұр. Оны көрген көр-шілер де бар. Сол үшін бір-екі күн-нің ішінде марқұмның үйіне қайта тінту жүргізіп көрмекпіз. Сіздерден күдіктенгеніміз дұрыс болмады. Бұл үшін кешірім сұраймыз» деп қосып қойды. Тергеушінің сөзін отырған-дар әртүрлі қабылдады. Бәрі бір-



дей арқасынан ауыр жүк түскендей болғанымен, әлдебір күмән мен шарасыздық жүздерінде жасырынып тұрғандай еді.

«Ал сіздер өлімді бас салып менен көрдіңіздер. Бостандықтан енді ғана шығып қайдағы бір әйел үшін түрмеге түсетін ойым жоқ екенін бірден айттым ғой. Бірақ сендер сотталғанымды бетіме баса бердің-дер. Бұрынғы қылмысым да осының күйеуінің айдағанымен болған. Әйтпегенде қылмыс жасайтын ойым да жоқ еді» деді. Ал жиені марқұм ақ-шаға тар болмағанда, тірі жүретінін айтып, өлімін әлі Сараның өзінен көрді. Көршісінің жүзі солғын тар-тып сала берді. Оның ойын жегені: күәгердің кім болғаны болса керек. Әлім күдіктінің анықталғанына қат-ты қуанғанын жасыра алмай «Ол сұ-мырайдың кім екенін ертерек білім келеді. Ол оңбағанды көрген адамға рақметімді айтқан келеді» деді. Ке-терінде тергеушіге бірнеше мәрте алғысын айтып, тінту жүргізетін кез-де өзінің де сол жерде болғысы ке-летінін жеткізді. Барлығын полиция бөлімшесінен шығарып жатып Арыс-танов «Жақсы, хабарда боламыз. Бүгін болмаса, ертең барамыз. Сізге хабарын айтамын», – деді Әлімнің қолын қысып.

Арыстанов шынайы қылмыскерді анықтауға жақындағанын түсініп, келесі күні таңертең тінту жүргізуге бел буды. «Қылмыскер өзін ақылды санайды, иә? Бірақ адамның жана-ры жалған сөйлеп тұрғанын жасы-ра алмайды ғой» деді майор Жүні-совке қарата. «Негізгі күдіктілердің барлығын тізімнен шығарып таста-дыңыз. Енді кім қалды?» дегендей сұраулы жүзбен қарады.

Сол күні тергеуші әрбір күдіктінің артына адам салып, өзі майор Жүні-совпен бірге түнде марқұмның үйін торуылдады. Түнгі тыныштықты бұзып, аулада біреу жүріп бара жатқандай дыбыс естілді. Көлеңке ішіндегі адам айналасына қарай-лап, қорқа-қорқа әрекет етіп жа-тыр. Көп күттірмей марқұмның үй-інің маңынан әлдебір адам қарасы анық көрінді. Олар да бірден әре-кетке көшпей, әлгінің не істейтінін сырттай көлік ішінде жасырынып

бақылап отыр. Тек сыртқа шыққан кезде ғана әлгі адамның Әлім екенін анық көрді. Көзі шарасынан шыққан майор қандықол қылмыскердің қай-ғыдан қан жұтып, өзін мүжіп, қо-ярға жер таппай жүрген азаматтық некедегі күйеуі екеніне сенер емес. Екеуді көрген Әлім әлгі жерден тұра қашуға ұмтылғанда, Арыстанов шапшаң қимылдап желкесінен шап берді. Полковниктің спортты серік ететіні қандықол қылмыскерлерді құрықтауда жиі көмектесетін.

Әлім әлі де болса тергеушінің алдында Сараны шүбесіз сүйгенін айтып ақталып әлек. Әр сөзінде оны шексіз сүйгенін және айналадағы жауларынан қорғауға тырысқанын жеткізіп келеді. Оның әңгімесін ба-рынша сабырмен тыңдап болған соң Арыстанов:

«Мүмкін, сен оны шексіз сүйдім деп қателестің. Шын мәнінде сен оны өз ұысында ұстағың келген бо-лар», – деді.

Әлім бір сәт үнсіз қалды. Бірақ көзі шарасынан шыға:

– Сараны өлтіргім келмеді. Мен кінәлі емеспін! Ол менің сөзімді ешқашан тыңдаған емес. Сол күні де түрмеге бармауын өтініп, үйіне бір-неше мәрте барып жалынып сұра-дым. Бірақ айтқанынан қайтпады. Ашу үстінде өз-өзіме ие бола алмай қалдым, – деп ақталуға тырысты. Ашу үстінде қолыңды қанға малған болсаң, ұйықтап жатқан адамның үйіне неге жасырын кірдің? Осының өзі сенің қылмысты алдын ала жоспарлағаныңды білдірмей ме, – деді Арыстанов.

Иә, үшінші рет үйге кірмес бұрын бала күнімде тастап кеткен анам көз алдыма келді. Ол да Сара секіл-ді еді. Әкемнің әрбір сөзін мазакқа айналдырып, сол үшін талай таяқ жеген. Әкемнің жуан жұдырығынан арашалай алмай қалған сәттерім-де қорғансыз анамды аяп та, кей-де тіліне ие бола алмағаны үшін қазғырып та алатынмын. Айтқанға көнбейтін, жеңіл жүрісті Сара бүгін өтінішіме құлақ аспаса, анам секілді тастап кетерін білдім. Сол үшін не көндірем, не қолымнан өлтірем деп ойладым», – деді тістеніп.

Осы сәтте Арыстановтың қал-та телефоны шыр ете түсті. Түннің

ішінде тергеу бастығына қоңырау соққан көмекшісі қылмыскердің кім болуы мүмкін екенін асығыс-үсі-гіс жеткізіп жатыр. Күәгердің бірі марқұмның үйінен сол күні таңға жуық Әлімнің шығып бара жатқанын анық көргенін айтқан. Бұл марқұм-ның жас босанған көршісі Әлимаш еді. Ол оқиға болған күні кішкен-тайы түнімен ауырып, көз ілмеген соң ояу болғанын айтқан. Бұдан бұрын берген сөзінде бұл туралы тіс жармағанына өкініш білдірген ол, өз өмірі мен баласы үшін қорыққанын жасырмаған.

2023 жылы сағат 19:00 шамасын-да кезекті жанжалдан кейін Әлім Сарамен ара-қатынасты түсіну үшін келген. Ол түрмеде жазасын өтеп жатқан ресми некеде тұратын күй-еуі Маратқа баруына қарсы екенін айтып, осы сапардан бас тартуға шақырады. Алайда олардың арасындағы әңгіме нәтиже бермеген. Ашумен үйден шығып кеткен Әлім бір сағаттан кейін қайта келеді. Бұл жолы да екеуінің әңгімесі жарас-пай, сыртқа шығып кетеді. Үшінші келгенде әйелді күйеуінен қатты қызғанған Әлім айғайға басты. Бұл әйелдің ашуына тиіп Әлімге сөй-лескісі келмейтінін айтып, үйден кетуін сұрайды. Сарадан көңілі әб-ден қалған Әлім қайтадан үйден кетті. Осыдан кейін оның басына жаман ой келеді. Қылмыстық ни-етін іске асыру үшін марқұмның үй-іне төртінші рет ұйықтап жатқанда жасырын кіреді. Түнгі 03:21 шама-сында қақпаны кілтімен ашып, қан-нен-қаперсіз ұйықтап жатқан Сара-ны қайта оятып, онымен арадағы қарым-қатынасты қайтадан анықтай бастайды. Бірақ әйел онымен сөй-лескісі келмейтінін, үйден кетуін өтінеді. Сонда Әлім дәлізге шығып, үстелден ағаш тұтқасы бар ас үй пышағымен әйелдің мойын, арқа және кеуде аймағында бірнеше рет соққы бере бастайды. Соңғы соққы әйелдің мойнын тесіп өткен. Жәбірленушінің қайтыс болғанына көз жеткізген Әлім пышақты өзімен бірге алып қылмыс болған жерден қашып кетеді.

Осылайша, полковник Арыстановтың табандылығы, әділ-дікке деген адалдығы және адамның ең терең психологиялық әлсіздік-

терін ашудағы шеберлігі қылмыс-кердің қолына кісен салуға көмек-тесті. Әлімнің қылмысын мойындауы – тергеуші түйсігінен, бақылауы мен әділдігінен айлакерліктің жоға-ры болмайтынын көрсетті. Тергеу аяқталғанымен, полковник Арыс-танов үшін бұл – кәсіби өміріндегі тағы бір сабақ еді. Құқық қорғау академиясында өткен жылдар бойы қалыптасқан интуициясы, әр істі ақылға салып, толық зерттеп барып шешетін дағдысы оны осындай қыл-мыстарды ашуға жетеледі. Осы сәт-те ол әрбір тергеушінің жұмысы тек айғақтарды жинау емес, адамның жан дүниесінің ең терең қабаттарын түсініп, сол қабаттардың артын ашу екенін түйсінді.

Қылмыскердің қолына кісен са-лынды, істің әрбір айғақтары түгел жиналды. Арыстанов үшін бұл тағы бір жеңіс әрі кәсібіне деген сенімді нығайту болды. Ол адамды қалай тыңдап, қылмысты қалай ашу ке-ректігін әр іс арқылы үйрене келе, әділет пен адалдықтың өз жұмысын-да ерекше рөл атқаратынын тағы бір рет дәлелдеді.

Сот Әлімге бірнеше жылға абақтыда жазасын өтеу туралы үкім

СОҢҒЫ АЙҒАҚ

шығарды. Ал заңды күйеуі Марат марқұмның артынан жақсы сөз айт-пады. Керісінше «өзіне де обал жоқ» деді. Ал тойымсыз жиені әпкесінің қазасына кінәлі адамның кім екені-не де бас қатырмады. Жасұланды таң қалдырғаны Әлімнің алдын орап кеткені болды. «Өліп-өшкен ада-мның өлім құштырған адамнан асқан қандықол қылмыскер жоқ шығар, сірә» деп ойлады. Есірткіге тәуелді көршісі әдеттегі өмір сүру салтына көшкен. Ол үшін кімнің қалай өл-гені де аса маңызды емес. Ал өсек-ші көршісі Зағираға керегі де сол еді. «Байғұс, жүргіштігінің кесірі-нен ажал құшты» десті. Адамдарды кінәлау мен күстөналау, қамқорлық таныта білмеу қылмыстың артуына себеп болып жатқанына бас ауырт-қан пенде аз. Бұл түнгі трагедиядан да қауіпті еді.

Полковник Арыстанов соттың шешімін естіген соң, әрбір күзгер мен жақын адамның трагедияға деген салқын көзқарасын бақылап, бұл жағдайдың нағыз себептерін ой елегінен өткізді.

Тергеу аяқталса да, Арыстанов өзін біртүрлі бос сезінді. Ол қылмыс-кердің айыбын ашты, сот шешім шығарды, бірақ оның жанына ты-ныштық орнамады. Айналасындағы адамдардың енжарлығы, қаты-гездігі, бір-біріне деген аяусыздығы жүрегіне ауыр тиді. Ол бұл қыл-мыстың негізінде үлкен әлеуметтік проблема жатқанын түсінді.

«Қылмыскер тек кінәсін мойын-дап жазасын алды, бірақ қоғамдағы адамдардың немқұрайлылығы мен жүрексіздігі қылмыскерлерді өсіреді екен. Біз бір-бірімізге деген қамқор-лық пен құрметті ұмытқан сайын, осы секілді қылмыстардың саны ар-тып қана қоймайды, адамгершілі-гіміз де жоғалады. Қой терісін жа-мылған қасқырлар көп дейміз ғой. Бірақ сол қасқырларды өсіретін де, қоғамға қауіпті етіп тәрбиелейтін де – үлкендер өзіміз емес пе екен? Бір кездері олардың әрқайсысы кінәсіз бала болған. Бірақ олардың санасын ашу мен өкпе жеңгенде, олар да құрбанға, не қандықол қылмыскер-ге айналады», – деп ауыр күрсінген Арыстанов терезе алдында терең ойға батты.

Жадыра МҮСІЛІМ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №70 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады